



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2016 ж. 11 ақпан № 39
Павлодар қаласы

город Павлодар

**8 Наурыз Халықаралық
әйелдер күніне арналған
облыстық шығармалар
конкурсын өткізу туралы**

8 Наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесінің маңыздылығына назар аударту, оқушылардың шығармашылық дағдыларын дамыту, дарынды балаларды анықтау және қолдау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2016 жылғы 18-і мен 28-і ақпан аралығында жалпы білім беретін және мамандандырылған мектептер оқушылары арасында 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған облыстық шығармалар конкурсы (әрі қарай - Конкурс) өткізілсін.

2. Конкурстың Ережесі, бастапқы беті, әділ-қазы құрамы, хаттамасы бекітілсін (1, 2, 3-қосымшалар).

3. Тәрбие жұмысы мен қосымша білім беру бөлімі Конкурстың ұйымдастырылуы мен өткізуін қамтамасыз етсін.

4. Қалалық және аудандық білім беру бөлімдерінің басшылары (келісім бойынша), мамандандырылған мектеп директорлары оқушылардың Конкурсқа қатысуын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшысының орынбасары Саян Назымұлы Мұқановқа жүктелсін.

Басқарма басшысы



Б. Бексеитова

Тыяныстырылды: _____ С.Н.Мұқанов
(қолы, күні)

005859

«БЕКІТЕМІН»
Павлодар облысының
білім беру басқармасының
басшысы
Б. М. Бексеитова
«11» ақпан 2016 ж.



8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған облыстық шығармалар конкурсын өткізу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған облыстық шығармалар конкурсын (әрі қарай - Конкурс) өткізу тәртібін регламенттейді.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері:

- оқушыларға 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесінің маңыздылығына назар аударту;
- қоғам мен отбасыда ананы құрметтеуге тәрбиелеу;
- қоғамның отбасы, ана рөлінің бала тәрбиесіндегі қызығушылығын көтеру;
- конкурстық жұмыс барысында оқушылардың шығармашылық дағдыларын дамытуға және қолдауға жағдай жасау;
- оқушыларды рухани-адамгершілік құндылықтарға тарту;
- дарынды балаларды анықтау және қолдау.

3. Конкурс білім беру басқармасының тәрбие жұмысы мен қосымша білім беру бөлімімен өткізіледі.

4. Конкурс екі кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең – қалалық (аудандық);

Екінші кезең - облыстық.

2. Конкурс қатысушылары

2.1. Конкурста барлық түрлер мен типтегі жалпы білім беретін мекемелерінің 5-9 сынып оқушылары қатыса алады.

3. Конкурсты өткізу мерзімі

3.1. Конкурс екі кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең қалалық (аудандық) **2016 жылғы 18-22 ақпан** аралығында өткізіледі. Жеңімпаздардың жұмыстары білім беру басқармасына (Павлодар қ., Қайырбаев көш., 32, 428 каб.) **2016 жылғы 25 ақпанға дейін** Конкурстың екінші кезеңіне қатысу үшін жолданады.

Көрсетілген мерзімнен кеш жолданған жұмыстар қарастырылмайды.
Конкурстың екінші кезеңі білім беру басқармасының тәрбие жұмысы мен қосымша білім беру бөлімімен өткізіледі.

4. Конкурс шарттары

4.1. Қатысушылар ұсынылған тақырыптар бойынша біреуін таңдай алады: **«Менің анамның портреті», «Сенен артық адам жоқ...», «Портрет моей мамы», «Нет тебя дороже...».**

4.2. Конкурс жұмыстары Times New Roman шрифт типімен, 14 шрифт размерімен, 1,5 интервалымен терілген түрінде мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

4.3. Жұмыстарды бағалау критерийлері:

- шығармашылық тұрғыдан ойлау өзінділігі;
- көркемдік образдың эстетикалық тұтастылығы және оның аяқталуы;
- тақырыптың ашылу тереңділігі мен сәйкестігі;
- көркемдік мәнері;
- орфографиялық және пунктуациялық сауаттылығы;
- мазмұндау айқындығы мен логикасы.

4.4. Конкурс қатысушысының мәліметі: автордың аты-жөні, сыныбы, шығарма тақырыбы, мұғалімнің аты-жөні, білім беру мекемесінің атауы.

5. Конкурстың қорытындысы

5.1. Конкурстың әділ-қазы алқасы **2016 жылғы 25-28 ақпан** аралығында конкурсқа ұсынылған жұмыстарды критерийлерге сәйкес бағалайды.

5.2. Конкурс қорытындысы бойынша әділ-қазы алқасы жеңімпаздар мен жүлдегерлерді грамоталармен, ал жеңімпаз атанған оқушылардың пән мұғалімдерін алғыс хаттармен марапаттайды.

5.3. Ең үздік шығармалар «Сарыарқа самалы», «Звезда Прииртышья» газеттерінде жарық көреді және білім беру басқармасы сайтында орналастырылады.

5.4. Конкурс нәтижесі **2016 жылғы 4 наурыз күні** Павлодар облысының білім беру басқармасы сайтында жарияланады.

6. Байланыс ақпараты

Байланысатын тұлға:

Татьяна Владимировна Козлова, тәрбие жұмыс және қосымша білім беру бөлімінің бас маманы м.а., тел. 323151.

2016жылғы 11 ақпан № 39
білім беру басқармасының бұйрығына
1-қосымша

Бастапқы бет

Білім беру мекемесінің атауы	Павлодар қ. № 41 ЖОМ
Қатысушының аты-жөні	Сәрсенов Абай Қуатұлы
Сынып	7 сынып
Шығарма тақырыбы	«Менің анамның портреті»
Мұғалімнің аты-жөні	Сулейменова М.К.
Байланыс ақпараты	Ұялы тел: 8777777777

**8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған
облыстық шығармалар конкурсының
әділ-қазы құрамы**

Әділ-қазы алқасының төрағасы

1. С.Н. Мұқанов – басқарма басшысының орынбасары

Әділ-қазы алқасының мүшелері

1. Т.В. Козлова – тәрбие жұмысы мен қосымша білім беру бөлімінің бас маман м.а.
2. Т.Т. Акпарова – Павлодар қ. № 37 ЖОМ, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
3. А.К. Аубакирова – Павлодар қ. дарынды қыз балаларға арналған облыстық қазақ түрік лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
4. И.В. Бизюк - Павлодар қ. № 41 ЖОМ, орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
5. К.К. Кашкембаева - Павлодар қ. № 17 ЖОМ, орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

2016 жылғы 11 ақпан № 39
Білім беру басқармасының бұйрығына
3-қосымша

Конкурс жұмыстарын бағалау хаттамасы

№	Білім беру мекемесінің атауы	Қатысушының аты-жөні	Сынып	Шығарма тақырыбы	Шығармашылық тұрғыдан ойлау өзінділігі (5 балл)	Көркемдік образдың эстетикалық тұтастылығы және оның аяқталуы (5 балл)	Тақырыптың ашылу тереңділігі мен сәйкестігі (5 балл)	Көркемдік мәнері (5 балл)	Орфографиялық және пунктуациялық сауаттылығы (5 балл)	Мазмұндау айқындығы мен логикасы (5 балл)

Әділ-қазы алқасының төрағасы аты-жөні _____ КОЛЫ

Әділ-қазы алқасы мүшелері аты-жөні _____ КОЛЫ

АТЫ-ЖӨНІ _____ КОЛЫ